

11 дәріс. Асан қайғы. «ЖЕРҰЙЫҚ» ИДЕЯСЫ

1438 жылдары Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек пен Керей сұлтандардың кеңесшісі қызметін атқарған, ойшыл, жырау – Асан Қайғының қазақ халқының тарихында алатын орны зор. Қазақ хандығының ғұмыры ұзақ болуына бар күш-жігерін салған атақты жыраудың аты сол заманның өзінде аңызға айналғандығын көреміз.

Асан Қайғыдан басталған жыраулық институт елімізде құлаштап қарқын алып, жыраулардың абыройы асқақтап, халықтың сүйікті тұлғасына айналып отырған. Жыраулар үшін халықтың мүддесі ең бірінші орында. Олар өздерінің жыр, толғауларында қара халықтың мұң-мұқтажын хан алдында еркін айта білген. Ал, жыраулардың жырлары ел ішінде ауыздан ауызға, рухани мұраға айналып, бізге жетті. Әр аумақтың өзіндік жыраулар мектебі қалыптасты.

Асанның әкесі Сәбит сал-сері, саятшы, жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұстап өз ортасында беделді азаматтардың бірі болған. Үйсін тайпасынан шыққан атақты Майқы бидің алтыншы ұрпағы. Асылдың тұяғы. Сәбиттің әйелі Салиха көркіне ақылы сай, текті жердің қызы. Асанның жары Гүлжазира, баласының аты – Абат. Сәбит көбінесе оңтүстік жақты мекендеген. Саятшылықты жақсы көріп, кең далада еркін де ұзақ өмір сүріпті. Аң-құстың тілін меңгеріп, әулиелік деңгейге көтерілген. Дархан даланың қыр-сырын біліп, ел тұтқасын ұстаған сұлтандармен бірге жүрген.

Асан Қайғының қай жерде туып, қай жерде дүние салғандығы жөнінде бірнеше мәліметтер бар. Асан Ата қазіргі Өзбекстан жерінде Жиделі Байсында дүние салған десе (*Аян Нысаналин. Асан Қайғы: ақиқат пен аңыз //Түркістан. (2014) 1 мамыр. 10-б.*), енді біреулер Асан Қайғы Сарыарқада дүниеден өтіп, Ұлытаудың топырағы бұйырған десе, Шоқан Уәлиханов өз зерттеуінде Асан Ата өмірінің соңғы жылдарын Жетісуда өткізіп, Ыстықкөлдің жағасында дүние салған деген тоқтамға келеді (*Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. 1-кітап. Алматы: Өнер, 2011. – 304 бет*).

Профессор, әдебиеттанушы Ханғали Сүйіншәлиев «Қазіргі Ақтөбе облысының жерінде «Асан Ата» есімінде ескі бейіт бар. Оны халық Асан Қайғының моласы деп қатты құрметтейді. Бірақ ол мола анық осы Асан Қайғынікі ме, әлде басқа біреудікі ме – мұның өзі әлі анықталмаған

мәселе» (Сүйіншалиев Х. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. Алматы: Санат, 2006. – 928 бет.) – деп баға береді.

Ә.Әбілқайырқызы «Дала данышпаны» атты мақаласында «Асан Қайғының нақ жерленген жері белгісіз. Бірақ, екі дерек бар: біріншісі бойынша Жезқазған облысының (қазіргі Қарағанды облысы) Ұлытау ауданында, ал екіншісі Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы Шиелі ауылынан 16 шақырым жерде жерленген. Асан Қайғыға арнап жасалған Асан Ата кесенесі «Жеті әулие» қорымында орналасқан» (Әбілқайырқызы Ә. *Дала данышпаны* //Қазақ. 2012. № 43 (609). 26 қазан. 8-б.).

«Асан Қайғы кесенесі Шиелі жерінде деген пікірге қайта оралсақ, өзім сол жердің тумасы болғандықтан ба, әйтеуір оған әбден қосыламын... Айтарым, Асан Қайғы Шиеліге келді ме? Әрине, қазақ даласын кезіп жүріп халқына Жерұйық іздеген әулие мұнда келмеуі мүмкін емес. Өйткені Шиелі тұрмысқа қолайлы жерлерге жатады. Қазақта жабайы шие шыққан жерді әулие жер дейді. Шиелі – жабайы шие өте көп шыққан өңір. Шиелі атауы да сол жағдайдан туындаған. Шиелінің жері өте бай болған» (Досмұхамбет Кішібеков. *Кесене кімдікі?* //Егемен Қазақстан. 2007. 29 тамыз. 5 бет).

Белгілі ақын, этнограф Әнес Сарай: «Асан Қайғының туған, өлген жылдары туралы нақты дерек жоқ. Тек жүзге жетеқабыл ұзақ жасағаны күмәнсіз. Тарихи оқиғалар аясында топшылағанда, яки Жәнібек хан 1470-1474 жылдары Еділ-Жайыққа ауғанда, оған кеңесші болуы, ұлы Абаттың Ноғайлыдағы тарихи уақиғаларға араласуы туралы басы ашық деректер негізінде Асан Қайғы XV ғасырды (1400-1500) бастан-аяқ жасаған сөз зергері екені анық аңдалады» (Әнес Сарай. *Ноғайлының рухани өмірі* //Егемен Қазақстан. 2010 ж. 17 ақп. 5 б.) – деген тұжырым жасайды.

Әдебиеттанушы, академик Сейіт Қасқабасов «Жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады, сонымен қатар, өздерінің монолог түріндегі айтылатын толғауларында жыраулар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ, имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасыздығы, өлім мен өмірдің қайшылығы сияқты моральдық, этикалық, философиялық

проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырды» (*Сейіт Қасқабасов, XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 64 бет*).

«XV ғасырда өмір кешкен қазақ жырауы Асан Қайғы көңіл түкпіріндегі тұнып жатқан сырлар заманның аумалы-төкпелі кезеңдерінде маржандай толқып шығатындығында дейді» (*Рахманқұл Бердібай. Түбі бір түрікпіз. Астана: Фолиант, 2002. – 344/334 бет*).

Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз,

Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас –

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады – деген Асан Қайғының жыр жолдарын келтіреді.

Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында «Көшпелі ноғайдың әйгілі философы» деп баға беріп, құрметтеген екен. Жоғарыда елімізге белгілі ғалымдардың зертеулеріне қарап, мынадай ой түюге болады. Қалай болса да Асан Қайғы бұл өмірде шынайы түрде өмір сүрген, өз ортасында өте беделді, жырау болғаны, сол жырларында елдің болашағы мен қайғысы туралы өзінің ойларын бүкпесіз айтып отырғаны анық. Керей мен Жәнібек сұлтандардың қиын-қыстау замандарында жанынан табылып, қазақ хандығының құрылуына, оның іргелі ел болуына өз үлесін қосқан ірі қайраткер болғанын да байқаймыз. Сонымен қатар, шартарапты шарлап, желмаясына мініп барған жеріне де өзінің сипаттамасын берген. Қанша ғасыр өтсе де, сол сипаттамалар әлі де өзекті, тура дөп басып айтқандығына көз жеткіземіз. Билік пен халық арасындағы алтын көпір қызметін атқарған Асан Қайғы үнемі елдің мүддесін бірінші қойғандығын, Керей мен Жәнібекке қаратып айтқан жыр жолдарынан көреміз.

Асан Қайғының жыр-толғаулары қазақ халқының білімді, сауатты болуына арналған. Дүниенің сырын біліп, ақылдың құдіретіне сенген. Ол туралы мына жырында нақты айтылған:

Ақыл-білім ізденіп,

Дүние сырын сезбесе.
Ақылдың мініп тұлпарын,
Әлемді шарлап кезбесе.

Халқы үшін өмірін сарп қып,
Рахаттан аулақ безбесе.
Малды сатып ар үшін
Жолына салып бермесе.

Жанды сатып жан үшін,
Уағдасында келмесе,
Шын жүрекке билетіп,
Ынта қойып, сенбесе.
Сол жүректі тойдырмай,
Айтысқан жерге келмесе,
Ондай жардан не пайда?!

Асан атамыз білім жолын қуып, дүниенің сырын ашуға, тануға шақырады. Ар алдында өзіңді жоғары қойып, дүниеге қызыға берудің жақсылыққа әкелмейтіндігіне мән береді. Осындай отты, адамға күш-қуат беретін жыр жолдарының мазмұны терең. Бұл жыр-толғаулар ел ішінде ауыздан ауызға тарап, Асан қайғы айтты деп бізге жетіп отыр.

11.2. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы және заман туралы толғаныстары

Біздің түсінігімізде «Жерұйық» дегенде біздің көз алдымызға желмаясын мініп қазақ сахарасын шарлап, еліне құт-мекен іздеген Асан Қайғының бейнесі көз алдымызға келеді. Себебі, Асан Қайғының желмаясына мініп, «Жерұйық» іздеу идеясы халық арасында кең тараған.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған үнді тайпаларының

ежелгі ақсүйек әулиетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты – Мәңгілік Ел бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан арғы мыңжылдықта ғұндардың арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинаған», – деп атап көрсетуі Қазақ даласының ұлы түркі елінің қара шаңырағы екендігін айқындай түседі. «Жерұйық» концепциясының негізін түркілер заманынан іздеу осынысымен маңызды (*Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. – 296/145 бет*).

Белгілі мәдениеттанушы ғалым, профессор Ақтолқын Құлсариева «Қазақ ұлтынан – қазақ еліне» атты жинақтағы «Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық Қазақстан» атты мақаласында: «Біздің ұлттық идеямыз да, ұлттық идеологиямыз да биік азаматтық құндылықтарға негізделген ұлттық келісім рухы негізінде құралып, тәуелсіздік құндылығын ұлықтауы тиіс. Ал сол айтылғандардың барлығын өз бойына сыйдыратын, қысқа да нұсқалығымен бағалы идея «Жерұйық Қазақстан» болмақ», – дей келе, «Жерұйықты желмаямен іздеген арманшыл Асан қайғыдай өз еліне малға шүйгін жері бар, жанға жайлы елі бар болашақ тілейтіні мәлім. «Құтты қоныс» іздеу – әлем халықтарының дүниетанымында жақсы өмірді күткен арман-аңсардан туған рухани интенция» (*Құлсариева А.Т. Тәуелсіз Қазақстан идеясы – жерұйық Қазақстан // Қазақ ұлтынан қазақ еліне. Алматы: Қазақ университеті, 2010. –302/179 бет*) – деген қорытынды жасайды.

Адамның табиғаты үнемі өзіне қолайлы, көңілінен шығатын қоныс, орын, мекенді іздеуі – міндетті құбылыс. Сондықтан болар, қазақ халқы табиғатты екінші ана көріп, аялап отырған. Жердің құтын қашырмай, қастерлеген.

Демек, «Жерұйық» идеясы жанға жайлы, малға шұрайлы жерді, мекенді іздеуден шығады. Себебі, түркі халықтарының рухани әлемінде өзіндік жинақтаушы күшке ие болған ұғымның қатарына «құт» феноменімен қоса тәуелсіздік те жатқызылады. Барлық елдердегідей түркі тілдес тайпалар да бір-біріне жақсы лебізін, игіліктің көбеюін білдіруге тырысқан (*Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың калыптасуы мен дамуы (әлеуметтік-философиялық талдау): //Философия*

ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 2000. – 310.) Бұл турасында белгілі түркітанушы ғалым, Ахмет Ташағыл көне түркілер үшін тәуелсіздіктің маңызын Орхон-Енисей жазбаларының мән мәтінімен түсіндіреді. Оның ойынша «Жерұйық» – түркілер дүниетанымындағы тәуелсіздікпен байланысы бар құтты мекен. «Себебі, түркілердің тәуелсіздікке қол жеткізуі және оны жоғалтуы жайында Орхон жазба ескерткіштерінде барынша тәптіштеліп түсіндірілген. Онда тәуелсіздікті жоғалтудың халық үшін өліммен тең екені, тәуелсіздікті алудың қайта тірілумен, жанданумен бірдей болатындығы және халықтың осындай оқиғалардан сабақ алу керектігі баса айтылған» – деп атап көрсетеді (Ташағыл А. Түрік қағанатындағы адами құндылықтар // Тарих – Адамзат ақыл-ойының қазынасы: Т.10: Түркі халықтарының тарихи ойы. – Астана.: Фолиант, 2006. – 369 б).

Зерттеуші А.Рысқиева: «Асан Қайғының тауып берген Жерұйығы көшпелілер үшін ешқандай жерге тең келмес қасиетті жер болды. Енді біз сол Жерұйықта отырып, бірлікте, бітімде, ынтымақта, ұюда болуымыз шарт. Осындай кең байтақ байлыққа толы жерді тауып, халықты бірлікпен елдікке шақырған Асан Қайғы идеясының мәңгілік екеніне көзіміз жетіп отыр. Тек дұрыс идея ғана қаншама ғасырлар мен жылдар өтсе де өз маңызын жоймай мәңгілікте болады».

Кез келген халықтың рухани мәдениетінде, оның ішінде философиялық ойлау мәдениетінің тарихында ұлттың өсіп-өркендеуге деген талпыныстары болған және оның көріністерін этноәлеуметтік кеңістіктен, халықтың рухани өмірінен табамыз. «Ұлттық идеяға деген сұраныс, оған деген әлеуметтік және рухани мұқтаждық – «Ұлттық идея және қазақ философиясы» деп аталатын ұжымдық монография авторларының пікірінше, кез-келген этнос үшін тарихи үдерістің даму ағымынан туындайтын заңды дүние болып келеді. Сондықтан, белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте қалыптасқан және өрбіген ұлттық идея кездейсоқ құбылыс емес. Ол рухани ерекше дүние ретінде өзіндік тарихи болмыстың терең қатпарларында шыңдалып, тарихи үдеріс пен тарихи сана үшін қажетті құбылыс сипатында пайда болады. Сонымен қатар ол бірте-бірте қоғамдық құрылымдардың өзіндік пәрменді дамуына қажетті қозғаушы күшке айналады, сан қырлы

саланы қамти түседі. Ал, енді осындай детерминациялық заңдылыққа бағынбаған кездейсоқ сипаттағы әлеуметтік ұрандар мен жасанды айғайлар саясаттың шылауына айналады және олар нағыз халықтық мағынадағы рухани дүние болып есептелмейді» (Нұрмұратов С.Е., Нұрланова Қ.Ш., Әлжан Қ.Ұ., Сатершинов Б.М. және т.б. *Ұлттық идея және қазақ философиясы. Алматы: КИЦ ИФиП, 2010. – 240 б*).

Жоғарыда аты аталған авторлардың тұжырымының астарында шындық бар. Себебі, қандайда болсын идея, ұғым сол халықтың тамырынан шықпаса, оның өмірі ұзаққа бармайды. Сондықтан болар, Асан Қайғы мен «Жерұйық» ұғымдары егіз. Оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды. Керісінше, бірін-бірі толықтырып тұратын тақырыптар. Соның ішінде Асан Қайғы төңірегіндегі аңыздар ішіндегі ең таңдаулысы – Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі.

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеп шығуына Жәнібек пен Керей сұлтандардың тапсырмасы болуы әбден мүмкін, себебі жаңа құрылған Қазақ хандығының орналасуы үшін, қоныс, жер керек. Сұлтандардың оны іздеуге уақыттары жоқ. Асан Қайғының халық арасында абырой, беделі мол. Сол себептен барлық жағдайын жасап, азық-түлік, ат, түйемен қамтамасыз етіп, сапарға аттандырған. Қазақ хандығы орнығатын жердің адамға да, малға да шұрайлы, жайлы болуына мән беруді тапсырған.

Зерттеуші, ғалым Амантай Шәріп Асан туралы аңыздардағы утопиялық сарындағы, өмір сүрген дәуіріне қарап оны Томаза Кампанелла мен Томас Мор шығармаларында орын алған «Құтты қоныс немесе қайырымды қоғам» туралы утопияның алғашқы бастауы деп санайды (Амантай Шәріп. *Қазақ поэзиясы: утопия мен антиутопия.* // «Жұлдыз» журналы №9 1998. /184-193/.

Бұл жерде Асан Қайғы философиясын Томас Мордың утопиялық еңбегімен салыстыруға мүлдем болмайды. Себебі Томас Мордың «Утопия» еңбегінде қиялдан шыққан мемлекеттің, ондағы әлеуметтік теңдік сұрақтары, шын мағынасында өмірде болмайтын, бос арман. Ал, Асан Қайғының іздегені бос қиял емес, өмірде бар ел-жерді аралап, көзімен көріп, суреттеп берген. Асанның берген сипаттамасы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның территориясында орныққанын көреміз.

Бұл жерде «Жерұйықты» іздеу немесе табу негізгі мәселе болмау керек. Қазақтың әр жері, көлі, тауы, өзінің туған жері, Атамекені – Жерұйық. Өйткені, қазақ халқы үшін кіндік тамған жері өзіне жұмақ. Айталық, Асан бабамыз айтып кеткен қазіргі Алматы қаласы «Жерұйық» емес пе? Асан былай жырлайды:

Үш Алматы деген жер бар екен,
Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей,
алмасы бар жүректей. Сол жерді қимадым».

Алматыны көрген кез-келген адам Алматыны қимастай сезімде болатындығы шындық. Кей кезде ел ішінде «Алматы менің Алғашқы махаббатым» – деп сағынышпен еске алып жатқанын көреміз. Алматының алмасы бүкіл әлемге әйгілі. Бұндай жерді Асан Қайғы бабамыздың көрмеуі мүмкін емес. Дәл айтқан. Тауып айтқан. Жырға қосқан.

Астанамыздың орналасқан жері де Асан Қайғы айтқан, сипаттама беріп кеткен жерлердің бірі. Нұра өзенінің жағасында жайқала бой түзеп келе жатқан Астанамыз күннен күнге көркейіп, тамсанатын жерге айналды. Астана қаласы әлемдегі астаналардың ішіндегі ең сұлу, smart қалалардың бірі.

Жер екен ат семіртер алты күнде,
Тоқтатты онан кейін мүлде сөзді.
Тіс жарып енді айтпады басқа сөзді,
Артық сөз қоса алмадық бізде – дейді.

Төрт шумақ жыр жолдары «Нұра» өзені туралы. Дүниенің төрт бұрышын шарлап келіп, Нұра өзені туралы өлең жолдары шын мәнісінде аталған жерде болғандығын айғақтайды. Себебі отырықшылыққа бет бұрған Қазақ халқы арналы өзендердің бойына қала салуды мұрат еткен. Сол дәстүрді жалғастырып бізде Астананы Нұра өзенінің жағасына орнықтырдық. Қазіргі күнде де Нұра өзені балығы мол, шұрайлы, көпшіліктің демалатын орнына айналған.

Философ, академик Ғарифолла Есім Асан Қайғының қазақ этносын әрі мемлекетін қалыптастырып, нығайтуда «Жерұйық» деген жаңа ілім жасағанын айта отырып, бұл ұлттық мемлекет құрудың идеясы болғанын, мемлекеттің басты мәселесі жер, жерұйық туралы ілім дей келе – «жер» – ұлттық дүниетанымның басты ұғымы. Жерұйық деген жер асты және ұйық екі сөзден тұрады. Ұйық, яғни ұю деген –

халықтың қауымдасып ұлт және мемлекет екенін білдіретін түсінік. «Асан Қайғы ұлттық идеяның тарихи негізін салған ойшыл, оның тарихи аталуы – Жерұйық. Бүгінгі географиялық түсініктегі Жерұйық дегеніміз – Қазақстан Республикасы» – деп жазады.

Асан Қайғының өмірінің ең маңыздысы сын сағатта өзінің парасаттылығы, сәуегейлігі, саяси қайраткерлігімен Жәнібек пен Керей сұлтандардың жанынан табылып, Қазақ хандығының іргетасын қалауға қызмет жасағандығы. Бұған қосарымыз, Асан Қайғы жыр жолдарындағы оқиғалар, жер, су, тау, көл атаулары, қазіргі Қазақ елінің территориясындағы атаулармен сәйкес келуі.

Дүниенің жаратылысын Асан Қайғы ақыл күшімен пайымдайды. Сондықтан ол табиғаттың адамға қатысты фактор екендігіне ерекше мән берген. Асан Қайғы табиғатты, қоғамды, дүниені, адамның ара-қатынастарын астастыра айшықтап, қоғамның өсіп-өркендеу заңдылықтарына философиялық тұжырым жасайды. Асан Қайғы қоғамды, қоршаған табиғатты, жалпы дүниені тануда оптимистік көзқараста болып, табиғаттың, дүниенің ырыздығын адам игілігіне жаратуды ұсынады.

Ел болу – мағынасы өте терең сөз және оның негізгі іргетасы мемлекет болып саналады. Егеменді ел атанып, оның жемісін көру – ата-бабаларымыздың көптеген жылдар бойы іздеген ақ-арманы.

Тәуелсіздіктің арқасында, бұрын жоғалтқан, белгілі себептермен айтылмай келген асыл қазыналарымызды қайта таптық. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанды. Қоғамның саяси жүйесі ғана емес, тұтастай ойлау жүйесі өзгеруде. Себебі еркіндік, тәуелсіз ел болу қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында қол жеткізді. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақ Елін бүкіл әлем білді, таныды.

Асан Қайғы қазақтың дархан даласын аралап, ол жерлерге өзінің сипаттамасын беріп, сол заманның саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласты. Жерұйық идеясын қалыптастырды. Өзіне дейінгі ойшылдардың озық ойларын санасына сіңдірді. Өзінен кейінгі ойшылдарға ой салды. Жол көрсетті. Заман философиясының негізін жасап, футурологиялық болжамдар жасағандығымен құнды.

